Жамбыл облысы әкімдігінің білім басқармасы Талас ауданының білім бөлімінің
«Азиада» бобекжай бақшасы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы сауаттандыру жұмыстары

2025-2026 жыл

Жамбыл облысы әкімдігінің білім басқармасы Талас ауданының білім бөлімінің «Азиада» бөбекжай - бақшасы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны»

БҰЙРЫҚ № 49 -Ө

Қаратау қаласы *02.09.2025 жыл*

«Балабақшаның ішкі тәртібін жүргізу туралы»

БҰЙЫРАМЫН:

1. Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс—қимыл туралы заңнамасын сақтауын қамтамасыз ету болып табылатын , сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплеанс – қызметтерінің функцияларын атқаруға жауапты болып бөбекжай – бақшаның әдіскері Г.А.Елубаева, есепші Б.Мейірбекқызы, шаруа меңгеруші Н.К.Сыдыкова бекітілсін

2. 2025 жылдың 02 қыркүйегінен 01 қазанға дейін бөбекжай – бақшаның ішкі талдауы жүргізілсін. Нәтижесі отырыста қаралсын.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылауды өзіме қалдырсын. .

Меңгеруші Л.М.Байходжаева

« Бекітемін »
« Азиада бөбекжай бақшасының
меңгерушісі Л.М.Байходжаева
«___» _____ 2025ж

«Азиада»бөбекжай бақшасының 2025 -2026 оқу жылына арналған
« Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы»

Жұмыс жоспары

№	Өткізу түрі	Өткізілген іс шара	Жауапты	Уақыт
1.	Жұмысқа қабылдау кезінде	Қызметкерлерге МДҰ –да сыбайлас жемқорлықтың алдын алу және оған қарсы іс-қимыл мәселелерін реттейтін құжаттарға қолдарын қойдырып таныстыру.	Меңгеруші Л.М.Байходжаева	Жыл бойы
2.	Еңбек шарт дайындау кезенінде.	Еңбек шарттарына ,ұжымдық шарттарға, көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алу туралы шарттарға тараптардың ҚР Сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасының,іскерлік әдеп,ар-ұят нормаларын,адал бәсекелестік қағидаттарын міндетті сақтауын кездейтін ережелерді енгізу.	Меңгеруші Л.М.Байходжаева	Қыркүйек
3.	Жиналыс	«Сыбайлас жемқорлыққа жағдай тудырмау» туралы бұйрықтарды шығару	Меңгеруші Л.М.Байходжаева	қыркүйек
4	Жиналыс	«Сыбайлас-жемқорлыққа қарсы күрес баршамызға ортақ іс » атты баяндамамен қызметкерлерді таныстыру.	Кәсіподақ жетекшісі Т..Қожамбердиева	қыркүйек
5	Іс-шара	«Сыбайлас жемқорлыққа жол жоқ»	Әдіскер Елубаева	қазан
6.	жиналыс	Сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманы қолдану (сақтау) мәселелері бойынша қызметкерлерге жеке консультация беруді ұйымдастыру.	Меңгеруші Л.М.Байходжаева	Қажеттілігіне қарай

7	Жиналыс	Сенім жәшігі таныстыруды қамтамасыз ету	Меңгеруші Л.М.Байходжаева	қазан
8.	Дөңгелек үстел	Лауазымдық функционалдық міндеттер бойынша,жұмыс жүргізу шаруа меңгерушісі, әдіскер,есепші	Меңгеруші Шаруа меңгеруші Әдіскер Есепші	Желтоқсан
9	Жиналыс	Мектепке дейінгі ұйым қызметкерлері үшін сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес тақырыбы бойынша меңгерушінің жанында мәжілістер ұйымдастыру және өткізу, оның ішінде: - сыйлықты алу және оны беру туралы хабарлама тәртібі бойынша; - сыйлықтар алғаны, пара алғаны және бергені, парақорлыққа делдал болғаны үшін жаза белгілеу туралы.	Меңгеруші Л.М.Байходжаева	Қажеттілікке қарай
10	Стенд	Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мекеменің стендін өзектендіру	Әдіскер Г.А.Елубаева	Қантар
11	Жиналыс	Комплеанс қызметі ережесі мен қызметкерлердің таныстыру	Меңгеруші Л.М.Байходжаева	Наурыз
12	Жиналыс	Педагогикалық әдеп,жұмыс бабында әдеп заңдарымен таныстырып өту қызметкерлері	Меңгеруші Л.М.Байходжаева	Мамыр
13	Жиналыс	«Жемқорлыққа жол жоқ!» Тақырыбында құқық органдарымен бірлесіп кездесу өткізу	Әдіскер Г.Елубаева	мамыр
14	Сайт жұмысын өзектендіру	Сайтта тұрған МДҰ-ғы сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметті реттейтін жергілікті құжаттарды өзектендіру.	Меңгеруші Л.М.Байходжаева Әдіскер Г.А.Елубаева	Жыл бойы
15	Сұрақ-жауап	Ұйымның лауазымды тұлғаларының сыбайлас жемқорлық фактілерін анықтау тұрғысынан ақпараттық байланыс арналары (электрондық пошта, телефон, МДҰ сайтының «Сұрақ-жауап» айдары) арқылы келіп түскен азаматтардың шағымдары мен өтініштерін талдау.	Меңгеруші Л.М.Байходжаева Әдіскер Г.А.Елубаева	мамыр

«БЕКІТЕМІН»

«Азиада» бөбекжай-бақшасының»

меңгерушісі _____ А.М.Байгожакаева

«05» қаңтар 2024 жыл

Жамбыл облысы білім басқармасы Талас ауданы білім бөлімінің «Азиада » бөбекжай-бақшасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтің іс-шаралар жоспары

Мақсаты: балабақша жұмыскерлерінің «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» ҚР Заңын сақтауын қамтамасыз ету, жұмыскерлердің сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетін қалыптастыру.

Тапсырмалар:

1) сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша сыртқы реттеуші талаптардың және үздік халықаралық практиканың сақталуын қамтамасыз ету;

2) «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» ҚР Заңына сәйкес сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың негізгі қағидаттарының сақталуын қамтамасыз ету;

3) Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау, бағалау және қайта бағалауды жүзеге асыру.

Принциптері:

1) МДҰ басшылығының сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс тиімділігіне мүдделілігі;

2) Сыбайлас жемқорлыққа қарсы тәуекелдердің міндеттерін орындау үшін қажетті өкілеттіктер мен ресурстардың жеткіліктілігі;

3) Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызмет қызметінің ақпараттық ашықтығы;

4) МДҰ-да сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенсті жүзеге асырудың үздіксіздігі.

Жоспар квазимемлекеттік сектор субъектілерінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс институтын ұйымдастыру бойынша әдістемелік ұсынымдарға сәйкес әзірленді.

№	Іс-шаралардың атауы	Өткізу мерзімі	Жауаптылар
1	Балабақшадағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша ішкі құжаттарды әзірлеу	Тұрақты	Комплаенс-қызметтің жұмыс тобы
2	Ұжымның «Жұмыскерлер мен ата-аналарда Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет» тақырыбындағы өндірістік жиналыс. «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс қызметін ашу және жауапты адамды тағайындау туралы» бұйрықпен танысу	Тұрақты	Меңгеруші, комплаенс-қызметтің жұмыс тобы
3	Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс саласындағы стандарттар мен саясатты әзірлеу және өзектендіру	Тұрақты	Меңгеруші, комплаенс-қызметтің жұмыс тобы
4	Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл және сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру мәселелері бойынша түсіндіру іс-шараларын жүргізу	Тұрақты	Меңгеруші, комплаенс-қызметтің жұмыс тобы
5	Мүдделер қақтығысын анықтау, мониторингілеу және реттеу жөнінде шаралар қабылдау	Тұрақты	Комплаенс-қызметтің жұмыс тобы
6	Заңға сәйкес мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамдарға теңестірілген адамдар санатына жататын қызметкерлердің сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулерді сақтауына мониторинг жүргізу	Тұрақты	Комплаенс-қызметтің жұмыс тобы
7	Корпоративтік этикалық құндылықтарды дамыту	Тұрақты	Комплаенс-қызметтің жұмыс тобы
8	Қызметкерлердің сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманы, сондай-ақ корпоративтік Әдеп кодексін сақтауын бақылау	Тұрақты	Меңгеруші, комплаенс-қызметтің жұмыс тобы

«Жамбыл облысы әкімдігінің
білім басқармасы Жамбыл
ауданының білім бөлімінің
«Азиада » бөбекжай-бақшасы»
коммуналдық мемлекеттік
қазыналық кәсіпорынының
2024 жылғы 05 қаңтардағы
№ 11 бұйрығына 1-қосымша

«Жамбыл облысы әкімдігінің білім басқармасы Жамбыл ауданының білім бөлімінің «Азиада » бөбекжай-бақшасы» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорынының сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарты

1.Жалпы ереже

1.Осы «Жамбыл облысы әкімдігінің білім басқармасы Жамбыл ауданының білім бөлімінің «Азиада » бөбекжай-бақшасы» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорынының сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарты «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» 2015 жылғы 10 қарашадағы Қазақстан Республикасы Заңының 10-бабына, Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттары әзірлеу бойынша әдістемелік ұсынымдарға сәйкес әзірленген және ұсынымдық сипатқа ие.

2.Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандартты әзірлеуші Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Заң қызметі мен халықаралық ынтымақтастық департаменті болып табылады.

3.Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарт сыбайлас жемқорлықтың алдын алуға бағытталған қоғамдық қатынастардың ерекшеленген саласына арналған ұсынымдар жүйесін орнатуға бағытталған.

4.Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандартты әзірлеу міндеттері:

1) қоғамдық қатынастардың ерекшеленген саласында жұмыс істейтін адамдардың нақты сыбайлас жемқорлыққа қарсы мінез-құлқын қалыптастыру;

2) сыбайлас жемқорлық көріністерін уақытылы анықтау және олардың жағымсыз салдарының алдын алу болып табылады.

5.Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттың қағидаттары:

1) заңдылық;

2) ашықтық;

3) әдептілік;

4) жеке және заңды тұлғалардың құқықтары мен заңды мүдделерін сақтау және оларды сыбайлас жемқорлық көріністерін қорғау;

5) мүдделер қақтығысын болдырмау болып табылады;

6.Сыбайлас жекорлыққа қарсы стандарт белгіленген қағидаларды мүлтіксіз сақтауға және сыбайлас жемқорлық көріністерінің алдын алуға бағытталған қоғамдық қатынастардың ерекшеленген саласында жұмыс істейтін адамдардың әрекеттері мен шешімдерін анықтайды.

7.Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттың негізіне сыбайлас жемқорлық көріністерінің алдын алу көзқарасы тұрғысынан:

1) сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарт қамтитын салада жеке және заңды тұлғалардың құқықтары мен заңды мүдделерін іске асыру;

2) өз құзыреті шегінде басқарушылық және өзге де шешімдерді дайындау және қабылдау;

3) Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің жобасын әзірлеу;

4) тиісті тіршілік әрекеті саласының ерекшелігіне байланысты өзге де қоғамдық маңызы бар қарым-қатынас кезінде лауазымдық міндеттерді орындау бойынша тікелей іс-әрекеттер алынған.

2.Қоғамдық қатынастарды ерекшеленген салада жұмыс істейтін адамдардың мінез-құлық (іс-әрекет) ережесі

1. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарт қамтитын тиісті салада жеке және заңды тұлғалардың құқықтары мен заңды мүдделерін іске асыру кезінде;

1) Қазақстан халқының бірлігі мен еліміздің ұлтаралық келісімді нығайтуға ықпал ету, мемлекеттік және басқа да тілдерді, Қазақстан халқының салт-дәстүрлерін құрметтеу;

2) жеке тұлғалар мен заңды тұлғалар өкілдерімен және әріптестерімен қарым-қатынас жасауда адал, қарапайым болу, көпшілік мақұлдаған моральдық әдептілік нормаларды сақтау сыпайылық және биязылық таныту;

3) жеке және заңды тұлғалардың құқықтары мен заңды мүдделерін қозғайтын қабылданған шешімнің айқындылығын қамтамасыз ету;

4) өз әрекетімен және мінез-құлқымен қоғам тарапынан сынға ұшырауға, сынның артына түспеуге жол бермеу, өз әрекетінің кемшіліктерін жою және жақсарты үшін конструктивті сынды қолдану;

5) жеке басының мәселесін шешу барысында мемлекеттік органдар, ұйымдар мемлекеттік қызмет және басқа адамдардың әрекеттеріне ықпал ету үшін қызмет бабын пайдаланбау;

6) шындыққа сәйкес емес мәліметтерді таратпау;

7) заң бойынша тәртіптік, әкімшілік немесе қылмыстық жауапкершілік көзделген қылықтар мен өзге де заң бұзушылықтар жасауға жол бермеу;

8) мемлекеттік органда еңбек заңнамасы мен мемлекеттік қызмет туралы заңнаманы қамтамасыз ету,еңбек тәртібі мен еңбек шарттарын сақтауды, сондай-ақ мемлекеттік қызметте болуға байланысты шектеулерді қамтамасыз ету.

9) тұрақты негізде мемлекеттік қызмет көрсету сапасын арттыру бойынша шаралар қабылдау;

10) қолжетімді түрде қызмет алушыларға мемлекеттік қызмет көрсету тәртібі туралы толық және шынайы ақпарат ұсыну;

11) қарастырылмаған құжаттарды сұратып алуға жол бермеу, мемлекеттік қызмет пен басқа да рұқсат беру фунцияларын көрсету барысында әр түрлі әуре сарсаңнан (салғырттықтан) аулақ болу;

12) сыбайлас жемқорлық сипатындағы заң бұзушылыққа итермелеу кезінде басшылыққа жеткізу;

13) мемлекеттік қызмет көрсету кезінде үнемділік пен тиімділік танытып, мемлекеттік қызмет көрсету процесін үнемі жетілдіруді қамтамасыз ету.

2.Лауазымды тұлғаларға тауарларды, жұмыстарды, қызметтерді сатып алуға байланысты мемлекеттік сатып алуды іске асыру кезінде мыналар ұсынылады:

1) Мемлекеттік сатып алу үшін пайдаланылатын ақшалай қаражатты оңтайлы және тиімді жұмсау;

2) заңда көзделген жағдайларды қоспағанда мемлекеттік сатып алуды өткізу рәсіміне қатысу үшін әлеуетті жеткізушілерге тең мүмкіндіктер ұсыну;

3) Мемлекеттік сатып алу процесінің ашықтығы мен айқындығын қамтамасыз ету;

4) сыбайлас жемқорлықтың белгілеріне жол бермеу;

5) атқарушылық құжаттар бойынша орындалмаған міндеттемелері бар және бірыңғай борышкерлер тізіміне қосылған әлеуетті жеткізуші және (немесе) оларға тартылатын қосалқы мердігер (бірлесіп орындаушы) ретінде қатысушыға жол бермеу.

3.Өз құзыреті шеңберінде басқарушылық және өзге де шешімдерді дайындау мен қабылдау кезінде;

1) қызметтік міндеттерді орындау кезінде мүдделер қақтығысының жеке бас мүддесінің туындағаны туралы, сыбайлас жемқорлықтың әрекетіне және сыйлық алу итермелеу туралы тікелей немесе өз басшысысына жеткізу;

2) жеке басының мәселесін шешу барысында мемлекеттік қызметшілердің және басқа да адамдардың әрекеттеріне ықпал ету үшін қызмет бабын пайдаланбау;

3) әріптестерге басшыларға және өзге де лауазымды тұлғаларға сыйлық жасау және мүліктік пайда немесе артықшылық пайда алу үшін қызметтік өкілеттілікті пайдалана отырып қызметтік емес қызмет көрсетпеу;

4) сыбайлас жемқорлыққа қарсы тұруға сыбайлас жемқорлық сипатындағы заң бұзушылықты ашуға белсенділік таныту;

5) сыбайлас жемқорлық фактілері белгілі болғаны туралы сондай-ақ қандай да бір материалдарды қарауды жылдамдатқаны үшін пайда көруге итермелегені немес әуре сарсаңға салғаны туралы басшылыққа жедел түрде жеткізу;

6) атқару үшін алынған өкімнің заңдылығына күмәнданған жағдайда бұл туралы тікелей басшыға жазбаша түрде хабарлау;

7) егер мүдделер қақтығысына тікелей басшының өзі қатысты болса жоғары тұрған басшысына жүгіну;

8) табыс табуға байланысты кәсіпкерлік және өзге де әрекеттерді іске асыруда біреуге көмектесуден бас тарту;

4.Тірішілік әрекеті саласына байланысты пайда болған басқа да өзара қатынас барысында:

1) бағынышты лауазымды тұлғалардың міндеттері мен қызметтік өкілеттілігінің көлемін нақты және анық белгілеу;

2) бағыныштағы лауазымды тұлғалардың арасындағы еңбек жүктемесін біркелкі бөлмеуге жол бермеу;

3) олардың әрекеттерінің нәтижелерін бағалау барысында, сондай-ақ мадақтау және жаза қолдану кезінде шындық пен әділдік таныту;

4) бағынышты жұмыскерді орынсыз айыптауға дөрекілік факторларына, адамның ар-намысына тиюіне, жөнсіздікке, дөрекі мінез-құлыққа жол бермеу;

5) олардың лауазымдық міндеттерінен тыс немесе орындалмайтын, сондай-ақ заңға қайшы тапсырма бермеу;

6) қызметтен тыс сипаттағы мәселелерді шешу барысында бағыныштылардың әрекеттеріне әсер ету үшін қызмет бабын пайдаланбау;

7) бағыныштыларды сыбайлас жемқорлық заң бұзушылық жасауға итермелеу;

8) өз лауазымдық міндеттерін орындау барысында әріптестерде туындаған мүдделер қақтығысын өз уақытында реттеу бойынша түбегейлі шараларды өз уақытында қабылдау;

9) мүліктің сақталуын қамтамасыз ету, ұтымды, тиімді пайдалану.